

<sup>1</sup>Лауланбеков А.Б.<sup>а</sup>,  <sup>1</sup>Торыбаева Ж.З., <sup>2</sup>Битабаров Е.А.

<sup>1</sup>Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ

Лауланбеков Алиби Бердиярұлы, Торыбаева Жәмиля Заханқызы, Битабаров Ермек Абдимажитович

### Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау құзыреттілігін қалыптастыру жүйесі

**Аңдатпа.** Студенттерде денсаулықты сақтау құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі қоғамның физикалық және психоэмоционалдық денсаулығы жеткілікті деңгейдегі жоғары білікті мамандарға деген қажеттілігімен шартталады. Студенттің денсаулығын сақтау және нығайту оның құндылық бағдарларының, денсаулықты сақтау бойынша білім, қабілет және дағдыларының, тұлғалық сапаларының жиынтығы болып табылатын денсаулықты сақтау құзыреттілігінің даму деңгейіне тікелей байланысты. Аталмыш саладағы зерттеулердің көптігіне қарамастан, кәсіптік білім берудің теориясы мен тәжірибесінде болашақ мұғалімдердің денсаулықты сақтау құзыреттілігін қалыптастыруға жеткіліксіз назар аударылуда, сондықтан біздің зерттеуіміздің мақсаты жоғары оқу орнының біртұтас оқу-тәрбие үдерісінде зерттелетін құзыреттілікті қалыптастыру жүйесін дайындау болып табылады. Авторлардың пікірінше, құзыреттілік моделін ендіру тұрғысынан болашақ мұғалімді даярлауды жетілдіру жоғары мектеп педагогтарын ЖОО-ның тұтас педагогикалық үдерісінде денсаулық сақтау құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ететін жағдайлар кешенін есепке алу қажеттілігіне бағыттайды, оның ішінде: үдерістің мазмұнды және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін өзірлеу; денсаулық сақтаудың заманауи технологияларын зерделеуге ынталандыру, белсенді дене шынықтыру мен сауықтыру іс-әрекетіне деген тұрақты қызығушылықтарын, тәрбие жұмысын ұйымдастырудың қабілеттері мен дағдыларын, денсаулықты сақтау технологияларын қолдану тәжірибесін қалыптастыруға кеңіл бөледі.

**Түйін сөздер:** жүйе, қалыптастыру, денсаулықты сақтау құзыреттілігі, даярлық, оқытушы, жоғары оқу орны.

Laulanbekov Alibi Berdiyaryuly, Torybayeva Jamilya Zakhanovna, Bitabarov Ermek Abdimazhitovich

### The system of formation of health-saving competence of the future teachers

**Abstract.** The relevance of the issue of the formation of health-saving competence among students is associated with the need of society for highly qualified specialists with a sufficient level of physical and psycho-emotional health. Preservation and strengthening of a student's health is directly related to the level of development of health competence, which is a set of value orientations, health-saving knowledge, skills and personal qualities. The education system based on outdated traditional rules does not provide the necessary and sufficient level of students' formation of health-saving competence in the process of their professional training. Despite a large number of studies in this area, in the theory and practice of vocational education, insufficient attention is paid to the formation of the formation of health-saving competence of the future teacher, therefore, the purpose of our study is to develop this educational system. formation of competencies to be trained in the unified educational process of the university. One of the fundamental goals of introducing a competency-based model of training a future teacher is to develop his/her health-saving competence in the context of the future professional activity, which is aimed at solving certain skills and abilities. the issue of maintaining health and introducing a healthy lifestyle. The objectives of such training are: to familiarize students with the study of the norms and values of a healthy lifestyle, to develop their readiness and ability to maintain and strengthen their health, cognitive activity, constant interest in teaching, learning organization skills. experience in the use of health-saving technologies.

**Key words:** system, formation, health-saving competence, training, teacher, university

Лауланбеков Алиби Бердиярұлы, Торыбаева Джамия Захановна, Битабаров Ермек Абдимажитович

### Система формирования здоровьесберегающей компетенции будущих педагогов

**Аннотация.** Проблема формирования здоровьесберегающей компетенции студентов в настоящее время является чрезвычайно актуальной, поскольку вытекает из потребности социума в специалистах, имеющих наряду с высоким уровнем квалификации еще и высокий уровень

здоровья. В настоящее время неоспоримым фактом признается всеми специалистами в этой области, что здоровье учащейся молодежи объективно зависит от наличия соответствующего вида компетенции, так называемых «здоровьесберегающих компетенций». Проведенные исследования свидетельствуют, что в системе профессиональной подготовки эти вопросы еще не нашли должного освещения в педагогических исследованиях и остаются малоизученными. Несмотря на большое количество исследований в этой области в теории и практике профессионального образования, недостаточно внимания уделяется формированию компетенций будущего учителя по сохранению здоровья, поэтому целью нашего исследования является разработка системы формирования исследуемой компетенции в целостном образовательно-воспитательном процессе современного вуза. По мнению авторов, совершенствование подготовки будущего учителя в ракурсе компетентного подхода ориентирует педагогов высшей школы на необходимость учета комплекса условий, обеспечивающих эффективность процесса формирования здоровьесберегающей компетенции в целостном педагогическом процессе вуза, в числе которых: разработка содержательной и учебно-методической обеспеченности процесса; мотивация и стимулирование к изучению современных технологий здоровьесбережения, развитие установки к активной физкультурно-оздоровительной деятельности и здоровому стилю жизни.

**Ключевые слова:** система, формирование, здоровьесберегающая компетенция, подготовка, учитель, вуз.

**Кіріспе.** Қазіргі мұғалімдер еңбегінің ерекшеліктері мен сан алуан қызметтері олардың физикалық және тұлғалық сапаларына мынадай жоғары талаптарды қояды: жоғары ақпараттық жүктемелерге төтеп беру қабілеті; стресске төзімділік; жаңа технологияларды енгізуге дайындық; эмоционалды тұрақтылық; техникалық құралдар мен компьютер мониторларының, мобильді құрылғылардың жағымсыз әсеріне ағзаның функционалдық төзімділігі [1, 2].

Мұның барлығы, көбіне дене мүсінінің, көру, тыныс алу мүшелерінің бұзылуы, қан айналымы және т.б. нашарлауы сияқты бірқатар аурулардың пайда болуына әкеледі, бұл, өз кезегінде жалпы «денсаулықты сақтау құзыреттілігі» термині енгізілуінің бастапқы шарты ретінде танылды. Аталмыш терминнің білім беру жүйесіне құзіреттілік тұғырдың кеңінен енгізілуі нәтижесінде пайда болғандығын атап өткен жөн [3].

Зерттелетін мәселе бойынша дереккөздерді талдау «денсаулықты сақтау құзыреттілігі» термині мінез-құлық қисынымен және тұлғаның өз денсаулығын сақтау мәселесіне тұлғалық қарым-қатынасымен шартталған дәлелді, өздігінен ұйымдастырылған іс-әрекет ретінде түсіндірілетінін көрсетті [4, 5].

Педагогикалық жоғары оқу орны түлектерінің болашақ кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктерін, жұмысқа орналасуда олардың денсаулығының жай-күйіне айтарлықтай байыпты тұрғыдан келуді ескере отырып, жоғары оқу орнындағы даярлық үдерісінде студенттердің денсаулықты сақтау құзыреттілігін қалыптастыру міндетіне ерекше назар аудару қажет деп санаймыз.

Мұғалімнің денсаулығына әсер ететін кәсіби факторлардың объективті табиғаты педагогикалық қызметтің ерекшелігімен байланысты. Оларды жою мүмкін емес, бірақ өз денсаулығын

және мұғалімнің өз күш-жігерін сақтау үшін белгілі бір жағдайлар жасау арқылы олардың деструктивті әсерін азайтуға болады. Мұғалімнің кәсіби денсаулығын кәсіби қызмет жағдайында мұғалімнің компенсаторлық, қорғаушы және реттеуші механизмдерін «қосу» арқылы сақтауға және іске қосуға болады. Осыған байланысты жоғары білім беру жүйесі болашақ білім алушы бойында болуы тиіс өзекті әлеуметтік мәселелерді кәсіби түрде шешуге бағытталған негізгі құзыреттерге назар аударады. Болашақ педагог мамандардың денсаулығын сақтау құзыреттілігін қалыптастыруға басымдық беру қажет деп есептейміз.

Демек, біз зерделеп жатқан мәселенің өзегі – бүгінгі ЖОО-ның тұтас педагогикалық үдерісінде болашақ педагог мамандардың психофизиологиялық, жеке және басқа да ерекшеліктеріне сүйене отырып, денсаулықты сақтау құзыреттілігін дамыту мәселесін зерттеу қажет екенін дәлелдейді. Яғни, жоғары мектептегі кәсіби қалыптасуы кезінде студент жастардың денсаулықты сақтау құзыреттілігін дамыту қажеттілігі мен бұл мәселенің педагогикалық теориясындағы жағдайы әлі де жеткілікті дәрежеде емес екенін, сонымен бірге ғылыми-әдістемелік тұрғыдан алғанда қамтамасыз етуді байқатады.

Сондықтан аталмыш зерттеудің мақсаты жоғары оқу орнының біртұтас педагогикалық үдерісінде зерделенетін құзыреттілікті қалыптастыру жүйесін дайындау болды.

Денсаулықты сақтау құзыреттері, олардың құрамдас бөліктері мен ұғымдық аппаратты А.В. Хуторский [6], А.И. Зимняя [7] зерттеулерінде анағұрлым мұқият, жан-жақты қарастырылды.

Студенттердің тәрбие берудің педагогикалық тәжірибесіне деген жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру және осының негізінде мек-

теп оқушыларының денсаулығын сақтау және нығайтуды сәтті шешуге мүмкіншілік беретін, тұтастай әлеуметтік қарым-қатынастардың әсеріне, жастардың өмір сүру әдебі мен іс-әрекетіне тікелей байланысты және ортаға сәйкес жүзеге асырылатын денсаулықты сақтау құзыреттері көрініс табады. Алайда әлеуметтік ортаның маңызды бөлігі ретінде бұл- ЖОО-ның тұтас педагогикалық жүйесі және оны құрайтын қарым-қатынастар жиынтығы. Мұнда болашақ мұғалімдерді зерделенетін іс-әрекет түріне даярлаудың негізгі құралы жоғары оқу орнында сәйкес сипатта ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмысының жүйесі танылады.

**Зерттеу әдістері мен ұйымдастырылуы.** Біздің зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері тұлғалық, іс-әрекеттік, құзыреттілік, рефлексиялық пен аксиологиялық тұғырларымен айқындалады. Сонымен бірге аталмыш мәселе бойынша жоғары мектептегі оқыту мен білім беру аясындағы философтар мен психологтардың, педагогтар мен әдіскерлердің жарияланымдары, ҚР «Білім туралы» Заңы, педагогикалық және әдістемелік оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, озат ЖОО-ның іс-тәжірибелері, зерттеу мәселесі бойынша баспасөз материалдары, авторлардың педагогикалық және зерттеушілік іс-тәжірибелері қарастырылды.

Зерттеу барысында қойылған міндеттер мен ғылыми болжамдарды тексеру үшін мынадай зерттеу әдістері қолданылды: зерттеу мәселесі бойынша философиялық, тарихи, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік, дене тәрбиесі мен спорт және медициналық салалары бойынша әдебиеттерді талдау жүргізу, ресми құжаттардағы (кәсіби стандарт, білім бағдарламалары) жағдайын зерделеу, талдау және саралау мен жалпылау, сонымен бірге болашақ мамандарды даярлау үдерісін моделдеу, интерпретациялау, сұрақ-жауап, педагогикалық бақылау, тестілеу; әңгімелесу, сауалнама жүргізу, жоғары мектептің педагог оқытушыларының озық іс-тәжірибесін зерттеу және жинақтау, кафедра құжаттарын зерделеу, алынған мәліметтерді өңдеу мен жүйелеу.

**Зерттеу нәтижелері мен талқылау.** Болашақ педагог мамандардың денсаулығын жақсарту қажеттілігі денсаулық сақтау құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін шешудің жаңа тәсілдерін іздеу тақырыбын өзекті етеді. Бұл ең алдымен жас білім алушыларға қатысты, сондықтан кәсіптік білім берудің міндеті дәстүрлі біліммен қатар салауатты өмір салтын және денсаулық мәдениетін тәрбиелеу үшін

педагогикалық үдерісте қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Көптеген зерттеулер білім берудің барлық кезеңдерінде салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған және өскелең ұрпақты тәрбиелеуге негізделген (Р.И. Айзман, И.И. Брехман, Е.Н. Вайнер, Г.К. Зайцев, В.Л. Казначеев, Ж. Ембергенова, А. Жамбылқызы, Ж.З. Торыбаева және т.б.). Бұл мәселенің әлеуметтік маңыздылығын денсаулық сақтау саласындағы шетелдік білім беру бағдарламаларының саны мен тиімділігі айқын көрсетеді (Г.Ф. Андерсон, И. Илиич, Р.К. Маноф, Л.Б. Мартин, О. Нилсен, А.З. Пол, Т.П. Вейл). Салауатты өмір салтының акмеологиялық аспектілері де қарастырылады (Л.Б. Буланова, Т.В. Карасева, Д. Ю. Коптева, В.Н. Максимова, Н.М. Полетаева, С.Н. Толстов).

Кәсіптік оқытудың қолданыстағы тәжірибесінде, педагогикалық университетте денсаулық сақтау құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне тиісті көңіл бөлінбейді. Соңғы уақытта болашақ мұғалімдердің денсаулық сақтау технологиялары, салауатты өмір салты, денсаулық мәдениеті туралы ақпаратқа деген сұраныстың артуы мен оқу-тәрбие үдерісінің шектеулі мүмкіндіктері арасындағы қайшылықтар анық айқындалды.

Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерде денсаулықты сақтау құзыреттілігін қалыптастырудың біз ұсынған моделі студенттерді материалдық-техникалық және басқа жағдайларды, контингент және студенттердің тілектерін ескеру негізінде мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау бойынша әртүрлі іс-әрекеттерге дайындауды қарастырады. Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін даярлау жүйесі мақсаттық, ұйымдастырушылық, мазмұндық және диагностикалық құрамдас бөліктерді қамтиды [8].

Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін жалпы білім беретін орта мектеп жағдайындағы денсаулықты сақтау іс-әрекеті үдерісін басқаруға даярлаудың ерекшеліктері туралы айтқанда, біз оның меңгерілуі болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерге аталмыш аспект бойынша кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте табысты болуына мүмкіндік беретін «оқу-тәрбие үдерісінде және аудиториядан тыс жұмыста денсаулықты сақтау іс-әрекетіне даярлық» атты негізгі құзыретті атап көрсетеміз [9].

Құзыретті меңгеру үдерістің мынадай құрамдас бөліктерін қарастырады: *аксиологиялық* – студентті денінің саулығына және салауатты өмір салтына ынталандыратын, оған деген жағымды қарым-қатынасты қалыптастыратын құндылықтар жүйесін (олардың ішінде жетекші

орынды денсаулық иеленеді) меңгеру; *когнитивтік* – денсаулықты сақтаудың теориялық және әдістемелік негіздері туралы қажетті білімдер жүйесін меңгеру; *іс-әрекеттік* – денсаулықты сақтау және нығайту бойынша іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеттерін меңгеру және қажетті тұлғалық сапалардың болуы; *басқарушылық* – мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау аясында педагогикалық іс-әрекетті болжау, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, талдау, рефлексиялау қабілеттерін меңгеру [10].

Даярлықтың қалған құрамдас бөліктерінің мазмұны тек кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру үшін емес, сондай ақ кәсіби-педагогикалық шеберлікті жетілдіру үшін қажет білімдер қоры және қабілеттер жиынтығын қамтиды.

Жоғары оқу орнындағы болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық даярлығын жүзеге асыру үдерісінде «сыртқы әсер тек субъектінің психикалық жай-күйі, оның қалыптасқан ойлары мен сезімдерінің қатары арқылы ғана өткізіліп, қандай да бір психикалық әсер беретіндігін» де ескеру қажет [11]. Оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде студент жастардың белсенділігін арттыру мақсатында оның тұлғасының психикалық даму ерекшеліктері мен заңдылықтарын ескеруді қажет етеді. Сонымен қатар, меңгерілетін білім, білік пен дағдылар студенттердің сұранысы мен қажеттілігіне сәйкестігі мен жеке субъективтік тұрғыдан мәнді әрі маңызды болуы тиіс. Демек, болашақ педагогикалық кадрларды кәсіби даярлауды қалыптастыруды қамтамасыз ету процесінде адам өзінің мақсаттары мен ниеттеріне сәйкес әлеуметтік маңыздылығын қабылдайтын жағдайлар жасау қажет.

Мұндай жағдайда болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығының табыстылығы, көбіне мұғалімнің танымдық әрекетке де, тәрбиелік іс-әрекет пен оның әртүрлі аспектілеріне де қарым-қатынасын анықтайтын оқуға деген жағымды мотивацияларының қалыптасуымен анықталады.

Болашақ мұғалімдердің мектептегі денсаулықты сақтау іс-әрекетіне даярлықтарын қамтамасыз ететін білім берудің мазмұнына келетін болсақ, ол ЖОО-дағы педагогикалық үдерісінің маңызды құрамдас бөлшегі ретінде нақты аталмыш саланы сипаттайтын жалпы және арнайы білімдер қорын қамтиды. Яғни, жалпы білімдер қорын мектеп оқушыларын тәрбиелеу мен оқытудың жалпы мақсаттарына сәйкес педагогикалық іс-әрекетті сипаттайтын мазмұн құрайды. Ол әлеуметтік тапсырыс пен тәрбиенің жалпы қағидалары мен ұстанымдары, жалпы адамзаттық идеялар және құндылықтармен

анықталады. Мұғалім іс-әрекеті мазмұнының арнайы бөлімі оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ететін денсаулықты сақтау технологияларын кеңінен ендіру қажеттілігіне сәйкес өзекті мәселені шешудің дәстүрлі формаларының өзара байланысымен шартталады.

Мұнан тәжірибелік іс-әрекетте алға қойылған оқу-тәрбие міндеттерін жүзеге асыру үшін болашақ мұғалімде денсаулықты сақтау құзыреттілігінің жеткілікті қалыптасу деңгейі болуы керек, ал ол өз кезегінде оның педагогикалық-психологиялық дайындық деңгейімен шартталады және сол деңгейге тәуелді болады деген тұжырым туындайды.

Біздің ұғымымызда мұндай деңгейге қол жеткізу болашақ мұғалімдердің денсаулықты сақтау құзыреттілігін дамыту үшін қажетті қабілеттер мен дағдыларды қамтамасыз ететін педагогикалық-психологиялық цикл пәндердің пәнаралық байланыстарын ескеру негізінде мүмкін болады. Педагогикалық-психологиялық пәндердің пәнаралық байланыстарының мүмкіндіктерін студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекеті аясындағы әртүрлі оқу-тәрбиелік міндеттерді шешу мақсатында, денсаулықты сақтау құзыреттіліктері мен кәсіби даярлықтарын қалыптастыруда пайдалану аталмыш пәндердің тараулары, тақырыптары мазмұнының мүмкіндіктерін студенттердің денсаулықты сақтау құзыреттілігін, жалпы, оқушылардың денсаулығын сақтау бойынша жұмысына сәйкес қалыптастыру аясында талдауды қарастырады.

Осылайша, мысалы, бірінші кезеңде студенттерде зерделенетін даярлықты қалыптастырудың маңызды бағыты оларды оқушылардың физикалық, психоэмоционалдық, рухани-адамгершілік денсаулықтарының деңгейін диагностикалау әдістемесімен таныстыру болып табылады. Оқушы тұлғасын және сынып ұжымын зерттеу әдістерінің кешенімен бірінші курс студенттері «Психология» пәнінің сабақтарында танысады.

Аталмыш курстың мазмұнымен танысу арқылы және үздіксіз педагогикалық іс-тәжірибе барысында олар алған білімдерін және оқушылардың физикалық, психологиялық және рухани-адамгершілік денсаулықтарының деңгейлерін диагностикалау қабілеттерін одан әрі дамытады. Сонымен қатар психологиялық пен педагогикалық диагностикалаудың түрлі әдістеріне сүйене отырып, қазіргі мектептегі оқушыларды педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу жұмыстарындағы нәтижелерді қойылған міндеттерге сәйкес қолдану дағдылары дамиды.

Зерделенетін құзіреттілікті қалыптастырудың басты негізі болашақ мамандарды қазіргі педагогика ғылымының теориясы мен әдіснамалық негіздері жайлы білімдер қорымен қатар физикалық, психикалық тұрғыдан сау, рухани-адамгершілік тұрғыдан дамыған оқушыны қалыптастыру бойынша мектептің оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін қажет дағдылармен қамтамасыз етуге арналған курс, ол «Педагогика» пәні деп есептейміз.

Өйткені, басты міндеті «мұғалімде өз кәсіби іс-әрекетіне кешенді көзқарасты қалыптастыру» болғандықтан аталмыш курс зерделенетін құзыреттілікті дамытуға аса қажет болашақ мұғалімнің әдіснамалық мәдениетін қалыптастыруға, сонымен қатар болашақ мұғалімде әрбір оқушының тұлғасын дамыту ұстанымын қалыптастыруға, оқушылардың денсаулығын сақтаудың үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ететін, педагогикалық мақсатқа сай орта құруға, мектеп оқушыларының физикалық, психологиялық және рухани-адамгершілік денсаулықтарын дамытуға бағытталған педагогикалық үдерістің барлық субъектерінің өзара іс-әрекетін ұйымдастыруға ықпалын тигізеді.

Сонымен қатар, «Педагогика» пәнінің мазмұнын зерделеу мынадай кәсіби-педагогикалық қабілеттерді дамытуға негіз болады: оқушылардың денсаулықты сақтау құзыреттілігін педагогикалық үдерістің заңдылықтары мен қағидаларына және тәрбиелеу тетіктеріне сәйкес қалыптастыру міндетін жүзеге асыру; негізгі сипаттамалары бойынша оқушыларда зерттелетін құзыреттіліктің қалыптасу диагностикасын жүзеге асыру және оның даму болашағын болжау; отбасылармен өзара әрекеттесуді жүзеге асырудың нақты жоспарын құрастыру, аталмыш жоспар бойынша іс-әрекет түрлерін, формаларын, құралдарын, нысандары мен әдістерін таңдау.

Сонымен қатар зерттелетін даярлықты қалыптастыру бойынша жұмыстарда «Педагогика» курсының әлеуетін мынадай жағдайларда жүзеге асыру мүмкін болады:

– дәріс сабақтарының дәстүрлі емес түрлерін, атап айтатын болсақ: бинарлық дәріс, мәселелік дәрістер, дәріс-конференция, визуализациялық дәріс, дәріс-кеңес беру т.б. қолданылады; мұнда студенттер өз денсаулықтары мен балалардың денсаулығын сауықтыру және нығайту мақсатында дене шынықтыру-сауықтыру технологияларын қолдану, оқушылардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі білімдер мен қабілеттерді меңгеру бойынша белсенді танымдық іс-әрекетке тартылады;

– мазмұны жөнінен оқушыларды салауатты өмір салтына ортақтастыру бойынша болашақ мұғалімдердің денсаулықты сақтау құзыреттілігін дамыту мақсаттарына жауап беретін, сонымен бірге педагог маманның іс-әрекетін сипаттайтын арнайы тапсырмалар жүйесі қолданылады;

– бұл тапсырмалар білім алушылардың өздік жұмыстарының (БӨЖ) түрлері арқылы жүзеге асырылады, педагогика (және педагогикалық циклдың басқа оқу пәндері) бойынша практикалық сабақтарда және педагогикалық іс-тәжірибе барысында қосарланған түрде жүзеге асырылады;

– оқыту үдерісінде дәстүрлі әдістермен қатар белсенді және интербелсенді әдістерді қолдану, студенттердің аудиториялық (семинар, практикалық сабақтар) және аудиториядан тыс (үйірме) сабақтарындағы өз бетінше ізденуі негізінде кәсіби-педагогикалық сипаттағы оқу тапсырмаларын орындауы; студенттердің педагогикалық іс-тәжірибе кезеңінде мектеп оқушыларымен бірге денсаулықты сақтау іс-әрекеті аясындағы міндеттерді шешуінің дербес тәжірибесін қалыптастыру жүзеге асырылады.

Сағаттар көлемінің шектеулігі мен қарастырылуы қажет мәселелердің ауқымдылығы оқытушыға мектеп оқушыларының денсаулығын сақтауға және нығайтуға байланысты барлық сұрақтарды жан-жақты ашуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан, аталмыш жағдай таңдау курстарды әзірлеуді қажет етеді, осыған байланысты біз «Оқушылардың денсаулығын нығайту мен салауатты өмір салты технологиялары» атты авторлық курс бағдарламасын әзірледік бұл, өз кезегінде студенттердің зерттейтін іс-әрекет аспектісіне тиімді даярлығына ықпалын тигізеді деп есептейміз. Өйткені, аталмыш арнайы курстың мазмұнында студенттерге мектеп оқушыларының сауықтыру мен шынықтыру әдіс-тәсілдері, олардың денсаулығын нығайту құралдарын, формалары мен әдістеріне толықтай сипаттама берілген, сондай-ақ, замануи денсаулық сақтау технологияларын ұсынып, оқушылардың салауатты өмір салтына бейімделу өлшемдері мен көрсеткіштерін қарастырдық.

Сонымен қатар, біздің пікірімізше, болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде бізге қажетті даярлықты дамытуда, мол әлеуеттік мүмкіндіктерге ие тақырыптарды меңгеруде лекция сабақтарының белсенді түрлерін қолдануды алдын ала қарастырған жөн.

Мысалы, тұлғаның денсаулықты сақтау құзыреттілігін қалыптастыруға және дене

тәрбиесі әдістерін қолданумен байланысты тұлға дамуының мазмұндық сипаттамасы ретіндегі, оны жан-жақты қалыптастырудағы аталмыш құзыреттіліктің рөліне ерекше назар аударылатындай етіп, педагогика пәнінің оқытушысы мен мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімінің диалогы негізінде тәрбиенің түрлері туралы мәселе ашылатын бинарлық лекция формасындағы сабақтарды өткізуді тәжірибеге енгізу қажет.

Осылайша, студенттердің денсаулықты сақтау құзыреттілігін қалыптастыру үшін педагогикалық пәндерді, аудиториядан тыс және студенттердің өзіндік жұмыстарын зерделеуде жалпыны, арнайыны және жекені ескеру арқылы жоғары оқу орнындағы білім берудің барлық кезеңін қамтитын және жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінің мүмкіндіктерін анықтау және жүзеге асыру негізінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын біз дайындаған жүйені пайдалану қажет деп санаймыз.

**Қорытынды.** Болашақ мұғалімдердің денсаулықты сақтау құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі олардың кәсіби білімінің мәнінен туындайды. Білім беру үдерісі, болашақ мамандармен жүргізілетін барлық жұмыс түрлері мен формалары, білім беру бағдарламасындағы модуль мен пәндер, кәсіби және педагогикалық іс-тәжірибелер пән мұғалімінің мектеп оқушыларының денсаулығын оқу және сабақтан тыс жұмыстың бірлігінде қамтамасыз ету аясындағы іс-әрекетіне бағытталуы тиіс.

Болашақ мұғалімдерді даярлаудағы жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінің мұндай бағыттылығын күшейту келесі шарттар арқылы қамтамасыз етіледі:

– оқушыларды тәрбиелеудің анықтаушы факторы ретіндегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың мазмұнын, формалары мен әдіс-тәсілдерін пайдалану;

– студенттерді денсаулықты сақтау құзыреттілігінің мәні мен мазмұны, оны қалыптастырудың маңыздылығы, әдіснамалық негіздері, оның жеке тұлғаны қалыптастырудың басқа аспектілерімен өзара байланысы туралы білімдермен қаруландыру;

– жалпы білім беретін мектептегі оқушылардың денсаулықты сақтау құзыреттілігін қалыптастырудың заманауи жүйесі, оны жүзеге

асырудың ұтымды әдіс-тәсілдері, формалары мен құралдары жайлы түсініктерді қамтамасыз ету;

– оқушылардың дене тәрбиесін оқу және сыныптан тыс жұмыстардың табиғи бірлігінде жүзеге асыру қабілеттерін, сонымен қатар балалардың денсаулығын сақтауда отбасына көмек көрсету, мектеп пен отбасының бірлескен жұмысын ұйымдастыру қабілеттерін қалыптастыру;

– оқушылардың денсаулықты сақтау құзыреттілігін қалыптастыру үшін қажетті білімдер мен қабілеттерді бекіту, болашақ мұғалімдердің салауатты өмір салты мен саулық мәселелеріне құндылық ретінде қабылдау мен нақты қарым-қатынастарын қалыптастырудың тиімді құралы ретінде БӨЖ түрлерін пайдалану;

– студенттердің денсаулықты сақтау құзыреттілігін дамыту мақсатында аудиториядан тыс оқу және тәрбие жұмыстарының формаларын кеңінен қолдану.

Жалпы, жүйелілік-тұтастық тұғыр негізіндегі студенттердің денсаулықты сақтау құзыреттілігін қалыптастыру келесі талаптарды алға қояды: бұл үдеріс болашақ педагогтардың университет қабырғасындағы білім алуының толығымен мерзімін қамтуды, яғни түгелдей барлық курстардың мазмұны арқылы өтуі керек; сонымен бірге оның кезеңдік сипатын ескеру, яғни кезеңнен кезеңге дейінгі тұлғаның денсаулықты сақтау құзыреттілігінің қабілеттері мен дағдыларының ауқымын ретті түрде қарастыруды қамтамасыз етеді.

Біздің жүйеде жоғары оқу орнының біртұтас үдерісінде студенттердің денсаулықты сақтау құзыреттілігін қалыптастыру жүйесінің аса маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі педагогикалық іс-тәжірибені қолдану, сонымен қатар болашақ мұғалімдердің білім мазмұнын зерттелетін құзыреттілікті дамытуға ықпалын тигізетін басқа да элементтермен толықтыру ерекше мәнге ие болады.

Сонымен қатар біз болашақ мұғалімдердің денсаулықты сақтау құзыреттілігін дамытудың қисындық жалғасын қамтамасыз ететін, атап айтқанда, қажетті даярлықты дамытуға ықпалын тигізетін арнайы курстармен толықтырудың маңыздылығы мен қажеттілігіне ерекше назар аударамыз.

## Әдебиеттер

- 1 Ахметова Г.Т. Формирование валеологической компетентности будущего учителя: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Туркестан, 2007. – 32 с.
- 2 Суворова Н.А. Послевзювская подготовка учителя к организации здоровьесберегающего обучения. – Красноярск, 2006. – 22 с.
- 3 Коняева М.А. Содержание здоровьесберегающих компетенций в профессиональной деятельности студентов // Современные проблемы науки и образования. – 2016. – №6; URL: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=25862> (дата обращения: 21.12.2020).
- 4 Равен Д. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. – М.: «Когнито-Центр», 2003. – 396 с.
- 5 Резер Т. М. Учебный процесс и здоровье учащихся. – М.: Издательство центр АПО, 2002. – 54 с.
- 6 Хуторский А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Народное образование. – 2003. – № 2. – С. 58-64.
- 7 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Эксперимент и инновации в школе. – 2009. – №2. – С. 7-14.
- 8 Жолдасбеков А.А., Жумабеков Р.К. Жаңартылған оқыту мазмұнында болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерінің әлеуметтік белсенділігін дамыту // Ясауи университетінің хабаршысы.- 2022. – №3 (125). – Б. 163-175.
- 9 Князева Т.Б. Актуализация и становление личностной компетентности индивида в образовании. – Иркутск: Изд-во Иркут, гос. пед. ун-та, 2006. – 113 с.
- 10 Шерьязданова Х.Т., Абеуова И.А., Ныгметова К.Н. Психопедагогика здоровья. – Алматы, 2006. – 280 с.
- 11 Laulanbekov A., Torybayeva J., Kishibayeva D., Zhorabekova A.. Distance learning situations and the formation of responsible attitudes to health of school children// Cypriot Journal of Educational Sciences. 2021. – Vol.16, Issue 5, – Pp. 2586–2597. DOI 10.18844/cjes.v16i5.6338

## References

- 1 Ahmetova G.T. Formirovanie valeologicheskoy kompetentnosti budushchego uchitelya: avtoref. ... kand. ped. nauk: 13.00.01. – Turkestan, 2007. – 32 s.
- 2 Suvorova N.A. Poslevzuvovskaya podgotovka uchitelya k organizacii zdorov'esberegayushchego obucheniya. Krasnoyarsk, 2006. – 22 s.
- 3 Konyaeva M.A. Soderzhanie zdorov'esberegayushchih kompetencij v professional'noj deyatel'nosti studentov // Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya. – 2016. – №6.; URL: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=25862> (data obrashcheniya: 21.12.2020).
- 4 Raven D. Kompetentnost' v sovremenном obshchestve: vyyavlenie, razvitie i realizaciya. M.: «Kognito-Centr», 2003. – 396 s.
- 5 Rezer T. M. Uchebnyj process i zdorov'e uchashchihsya. – M.: Izdatel'stvo centr APO, 2002. – 54 s.
- 6 Hutorskij A.V. Klyucheveye kompetencii kak komponent lichnostno-orientirovannoj paradigmy obrazovaniya // Narodnoe obrazovanie. – 2003. – № 2. – S. 58-64.
- 7 Zimnyaya I.A. Klyucheveye kompetencii – novaya paradigma rezul'tata obrazovaniya // Eksperiment i innovacii v shkole. – 2009. – №2. – S. 7-14.
- 8 ZHoldasbekov A.A., ZHumabekov R.K. ZHaңartyлған оқыту мазмұнында болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерінің әлеуметтік белсенділігін дамыту // YAsauі universitetінің habarshysy.- 2022. – №3 (125). – B. 163-175.
- 9 Knyazeva T.B. Aktualizaciya i stanovlenie lichnostnoj kompetentnosti individa v obrazovanii. – Irkutsk: Izd-vo Irkut, gos. ped. un-ta, 2006. – 113 s.
- 10 SHER'yazdanova H.T., Abeuova I.A., Nygmetova K.N. Psihopedagogika zdorov'ya. – Almaty, 2006. – 280 s.
- 11 Laulanbekov A., Torybayeva J., Kishibayeva D., Zhorabekova A.. Distance learning situations and the formation of responsible attitudes to health of school children// Cypriot Journal of Educational Sciences. 2021. – Vol.16, Issue 5, – Pr. 2586–2597. DOI 10.18844/cjes.v16i5.6338

<p>Хат хабарға арналған автор (бірінші автор) Лауланбеков Алиби Бердиярулы - PhD докторанты, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ- түрік университеті, Қазақстан, Түркістан қ., e-mail: <a href="mailto:alibil@bk.ru">alibil@bk.ru</a>, ORCID: <a href="https://orcid.org/0000-0002-0066-1269">https://orcid.org/0000-0002-0066-1269</a></p>	<p>Автор для корреспонденции (первый автор) Лауланбеков Алиби Бердиярулы – докторант PhD, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави, Казахстан, г. Туркестан, e-mail: <a href="mailto:alibil@bk.ru">alibil@bk.ru</a>, ORCID: <a href="https://orcid.org/0000-0002-0066-1269">https://orcid.org/0000-0002-0066-1269</a></p>	<p>The Author for Correspondence (The First Author) Laulanbekov Alibi Berdiyaryuly – PhD student, H.A. Yasavi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan, e-mail: <a href="mailto:alibil@bk.ru">alibil@bk.ru</a>, ORCID: <a href="https://orcid.org/0000-0002-0066-1269">https://orcid.org/0000-0002-0066-1269</a></p>
--	---	--